

Бекітемін:
№1 «Күншуақ» бөбек жайы балабақша
Менгерушісі Бакирова Г.Ж.



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 -2025 дене шынықтырудан ортаңғы тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
« Көбелек» ортаңғы тобы

Дене шынықтыру ұсқаушысы: Орынбаева Э.Т

ПЕРСПЕКТИВТІК ЖОСПАР
Ортаңғы топ 2024-2025 оқу жылы

№	айы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты	Сағат саны
1	Қыркүйек	<p>Балаларды спорт залымен таныстыру, саптізбекке бір-бірден сапқа тұрғызуға үйрету;саптізбекте бір-бірден қарапайым жүруді дамыту; саптізбектен шықпай ,өз бағытын сақтай отырып, өз орнын таба білуді қалыптастыру, педагогтың белгісі бойынша тоқтай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қос аяқпен (аяқ бірге-аяқ алшак) секіруге үйрету; шеңбермен жүруді,секіру жаттығуларын орындау. Бір-біріне отырып допты домалатып жіберуге үйрету; аяқты 1,5 м қашықтықта алшак ұстау; доп қозғалысының бағытын сақтай білуді қалыптастыру. Қозғалыс бағытын сақтай отырып, төрт тағандап еңбектеуге үйрету,аяқ арасын 2 м қашықтықта алшак ұстап,допты бір-біріне домалату дағдысын бекіту.</p> <p>Түзу жолмен жүру жаттығуларын (ені 25 см, ұзындығы 2,5 м) орындауға үйрету; шектеулі алаң бойынша жүргенде тұрақты тепе-теңдікті сақтай білуді қалыптастыру; еркін бағытта төрт тағандап еңбектеу.</p> <p>Қос аяқпен бір орында жоғары секіре білуді бекіту. Алға жылжи отырып,қос аяқпен секіруге үйрету, бір мезгілде қос аяқпен екпіндеп серпіліс жасауды дамыту.</p> <p>Допты қақпа арқылы домалатуға (ені 60 см) үйрету, көз мөлшерін дамыту; Екі аяқты бір мезгілде екпінді серпіліс жасай, жартылай бүгілген аяқпен түсу дағдысын бекіту.</p>	12
2	қазан	<p>Доғаның астынан жорғалау кезінде алақан мен тізел көмегімен төрт тағандап жорғалау жаттығуларын жалғастыру. Жіптің астынан басын тигізбей, жорғалау қабілетін бекіту.</p> <p>Допты қақпаға домалату жаттығулары, доптың бағытын сақтау қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Доптарды бір-біріне домалату жаттығулары, көзді мөлшерін дамыту, доптың бағытын сақтай білу.40 см биіктікте созылған жіптің астынан жорғалау жаттығулары; биіктікке секіру, биіктікте ілулі тұрған затқа қол созу.</p> <p>Төрт аяқпен жорғалау жаттығулары, 3 доғаның астына ретімен жорғалау, ептілік пен икемділікті дамыту. Кемінде 40 см қашықтықта ұзындыққа секіруді үйрету. Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту – заттарды аттап жүру, жол бойымен жүру; бір қатарға қойылған заттардың арасында жүру және жүгіру дағдыларын жетілдіру;</p> <p>Заттар арасында домалату кезінде доптың бағытын өзгертуге үйрету; екі аяқпен бір уақытта серпіліп солға, оңға, айналаға бұрылыстарды орындай отырып, секіруді бекіту; Тепе-теңдікті сақтай отырып, басына құмы бар қашықшаны қойып, жіптің үстінен жүруді үйрету (жалпақтабандылықтың алдын алу).</p>	12

3	қараша	<p>«Жыланша» жүруге және жүгіруге үйрету, әртүрлі бағытта: түзу сызықпен, барлық бағытта; белгілі бір тапсырмаларды орындаумен жүгіру. Қатардағы өз орнын табу қабілетін дамыту.</p> <p>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға екі қолмен төменнен, кеудеден, оң және сол қолмен (қашықтық 1,5-2м), тік нысанаға (нысананың биіктігі 1,2 м) лақтыруды үйрету), оң және сол қолмен (қашықтық 1 -1,5м).</p> <p>Отырған күйде, аяқты алшақ, заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату, допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу дағдыларын бекіту.</p> <p>Бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан модульдермен жүру кезінде, еденге қойылған заттарды басып тұрып, тепе-теңдікті сақтай білуге жаттықтыру.</p> <p>Гимнастикалық қабырғаға көтеріліп, төмен түсуді үйрету (биіктігі 1,5м). Заттардың, доғаның арасында төрт тағандап еңбектеу. Кемінде 40 см қашықтықтан, 15-20 см биіктіктен, 2-3 метр қашықтықта алға, екі аяқпен орнында ұзындыққа секіру дағдыларын бекіту.</p>	12
4	Желтоқсан	<p>Тапсырмаларды орындау арқылы жүру қабілеттерін бекіту: тоқтап, еңкейіп, бұрылу, екі бағытта баяу айналу, әртүрлі бағытта жүгіру: түзу сызықпен, шеңбермен, «жыланша», барлық бағытта, белгі бойынша.</p> <p>Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (2,5-5м қашықтықта), көлденең және тік нысанаға лақтыруға жаттықтыру.</p> <p>Доптарды заттар арасымен домалату, қақпаға домалату қабілеттерін дамыту. Допты еденге лақтыруды үйрету, оны қағып алу. Тепе-теңдікте жаттығуларды орындау кезінде дағдыларды дамыту: арқанмен, бүйірлік қсадаммен бөренемен, қырлы тақтамен жүру. Екі аяқпен алға, шеңберден шеңберге, заттарды айнала және арасында ,15-20 см биіктіктен секіру.</p> <p>Биіктігі 40 см арқанның, доғаның астынан жорғалау дағдыларын жетілдіру. Қозғалыс және ұлттық ойындарда қимыл-қозғалыстарындамыту, ойын ережесін сақтауға үйрету.</p>	12
5	Қаңтар	<p>Бір-бірден қатарға сапка тұруды, барлық бағытта жүргенде кеңістікте шарлауды және қатардағы өз орнын тез табуды үйренуді жалғастыру; көтерілген тірекпен жүру кезінде тепе-теңдікті және дұрыс дене қалпын сақтай отырып, заттарды басып өту қабілетін бекіту;</p> <p>Балаларды «жыланша» жүруге және жүгіруге үйретуді жалғастыру (бір қатарға орналастырылған, шашыраңқы заттардың арасында). 3м қашықтықта екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Достыққа, жолдастыққа, ептілікке тәрбиелеу.</p>	1 1 1

	Еденде тұрған баспалдақтың арасында еңбектеуге үйрету. Допты лақтыруды екі қолмен бастың артынан бекіту.	1
	Спорттық құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, таза ауада дербес қозғалыс белсенділігі арттыру.	1
	Еденде тұрған баспалдақтың арасында еңбектеу қабілетін бекіту. Допты бастың артынан екі қолмен лақтыру жаттығуларын ижаттықтыру.	1
	Еденге қойылған қырлы тақтаймен жүруді үйрету (ені 15см, ұзындығы 2м). Еденде тұрған баспалдақтың арасында еңбектеу қабілетін бекіту. Еденге қойылған тақтайшадан екі аяқпен секіруге жаттықтыру.	1
	Шанамен сырғанау (бір-бірін сырғанату, төмпешіктен төмен түсу). Мұз жолдарында сырғанауға жаттықтыру.	1
	Құрсауларды түзу сызықпен домалатуды, жылдам қарқынмен жүгіруді (қашықтық 15м) үйрету. Еденге төселген қырлы тақтаймен жүру қабілетін арттыру (ені 15см, ұзындығы 2м).	1
	Шеңберден шеңберге секіруге жаттықтыру. Тізені жоғары көтеріп жүру кезектесіп жылдам қарқынмен жүгіру (қашықтық 20м) қабілетін нығайту. Құрсауларды түзу бағытта домалатуды үйренуді жалғастыру.	1
	Шанамен сырғанауды үйрету (бір-бірін сырғанату, төмен сырғанау). Көлденең нысанаға лақтыру. Мұз жолдарында сырғанауға жаттықтыру.	1
	Кедергілерден (2 метр қашықтықтан) допты басынан асыра лақтыруды үйрету. Шеңберден шеңберге секіру қабілетін жаттықтыру.	1
	Гимнастикалық қабырғаға көтерілуді үйрету. Кедергілерден (2 метр қашықтықтан) допты басынан асыра лақтыру дағдыларын жетілдіру.	1
	Бұрама қарлы жолмен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта жүгіру белгі бойынша тоқтауды қалыптастыру.	1
		Барлығы : 12 сағат
7	Наурыз Бүйірлі кадыммен оңға қарай, аяқты тізеде байқалмай бүгуге, арқа мен басты тік ұстауға үйрету; көтерілген баспалдақтың ырғақты адымдап басып өту, тізелерді жоғары көтеру және аяқты жігерлі қозғалыспен саусаққа қою, денені тік ұстау, тұрақты тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту; еденде бүйірден тұрған баспалдақтың арасында жорғалау жаттығулары; күшті, ептілікті дамыту; көмекке ұмтылуға, тапқырлыққа тәрбиелеу.	1
	Орындықтан секіру кезінде аяқты белсенді түрде иіп, жартылай бүгілген аяққа қонуға үйрету; «жыланмен» жүгіру жаттығулары, заттар арасында жүгіру бағытын өзгерту қабілетін жақсарту; ойын жаттығулары арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байытуды	1

жалғастыру; ептілікті, кеңістікте бағдарлауды, жылдамдықты дамыту; байланыстырып сөйлеуге, бірлесіп ойнай білуге, бір-біріне көнуге тәрбиелеу.	1
«Дәл нысанаға» ойын жаттығуларында лақтыру дағдыларын дамыту. Шанамен сырғанау дағдысын қалыптастыру үшін шана эстафетасын үйретуді жалғастыру. Мұзды жолмен сырғанау қабілетін шыңдау. Төзімділікке, тәртіптілікке, күшті, ептілікке тәрбиелеу.	1
Допты қақпаға домалауға үйрету, орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтауға, бас пен денені тік ұстауға, алға қарауға дағдыландыру; күшті, жылдамдықты, ептілікті дамыту; әлеуметтік құзыреттілікке, толеранттылыққа тәрбиелеу.	1
Гимнастикалық қабырғаға шығып, төмен түсуді үйрену; заттардың арасында допты домалау қабілетін бекіту; жетекшінің түсіндірмесін тыңдау, шоуды қадағалау, қимылды басқа балалармен үйлестіре отырып орындау, қимылдар реттілігін сақтау қабілеттерін дамыту; үйлестіру қабілеттерін, ептіліктерін дамыту; батылдыққа тәрбиелеу.	1
Балаларды шнурдың астына тура және жан-жаққа шығуға, екі аяқпен секіруге, тұзу бағытта 2-3м қашықтықта алға жылжуға және әртүрлі заттарды айналып ілуге үйрету. Өзін-өзі жетілдіруге ынтасын, спортпен айналысуға дағдыландыру.	1
Кемінде 40 см қашықтықтағы жерден ұзындыққа секіру жаттығулары; әртүрлі бағытта жүгіруді жақсарту: шеңберде, «жылан». Зейінін дамыту, достыққа тәрбиелеу.	1
Құм қапшықшаларын 2,5-5м қашықтыққа лақтыруды үйрету. Шеңберден шеңберге екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру. Ұлттық ойындар арқылы қозғалыс тәжірибесін байытуды жалғастыру; мейірімділікке, бір-біріне көмектесе білуге тәрбиелеу.	1
Жүгіру, ұлттық ойындар арқылы секіру қабілеттерін дамыту. Көзді, қимыл-қозғалысты үйлестіруді, дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, төзімділікке, қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту.	1
Арқанда бүйірлік қадамдармен адымдау, тепе-теңдікті сақтауды үйренуді жалғастыру. Доптарды қашықтыққа лақтыру қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1
Биіктікте ілулі затқа секіріп, бір қолмен тигізуді үйрету; еденге қойылған заттарды тізені жоғары аттап өту және біркелкі дене қалпын сақтау жаттығулары; ойын арқылы қозғалыс мүмкіндіктерін дамытуды жалғастыру, әлеуметтік құзыреттілік қалыптастыру, ұйымшылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.	1
Орындықтан секіргеннен кейін тепе-теңдікті сақтау, бас пен денені тік ұстау, алға қарау қабілетін бекіту; көзді, қимылдарды үйлестіруді, тепе-теңдікті, дене шынықтыруға қызығушылықты дамыту, ұйымшылдыққа, төзімділікке, қимыл-қозғалыс ептілігіне тәрбиелеу.	1
Денешынықтырумен айналысуға, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	1
	Барлығы :12 сағат

8	Сәуір	<p>Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу қабілеттерін дамыту. Алға қозғала отырып, екі аяқпен сызықтардың үстінен секіру дағдыларын жетілдіру. Дене шынықтырумен айналысуға, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қолды иыққа белсенді түрде алға және жоғары созып және қашықтыққа лақтыру кезінде лақтыруға күш беруге үйрету; құрсаудан құрсауға секіру жаттығуларын орындау, екі аяқпен бір мезгілде күшті итеріп, жартылай бүгілген аяқтарға ақырын түсу; дене шынықтырумен айналысуға, ептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Балаларды бір-біріне допты домалатуды үйретуді жалғастыру, ойын жаттығулары: «Домалат және қағып ал», «Кегляларды құлат» (2 м қашықтықта)- допты лақтыру және кегляларды құлату дағдыларын жетілдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық, өз денсаулығына деген құндылық көзқарасты тәрбиелеу.</p> <p>Биіктігі 5 см 2 заттың үстінен секіруге үйрету; аяқты саусаққа қою, өкшемен жүру, табанды нығайту (жалпақ табанның алдын алу), қырлы тақтамен жүру қабілеттерін бекіту. Ептілік, күш, зейінді дамыту; батылдыққа, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Допты екі қолмен еденге соғуды үйрету, допты алақанмен жайылған саусақтармен қарсы алу, жоғарыдан ақырын басу; үш заттың үстінен секіру қабілетін, жартылай бүгілген аяқпен күшті серпілу және жұмсақ қону дағдыларын бекіту; зейінін, қиялын дамыту; үйлестіру қабілеттері, жалпы төзімділік, икемділік; дене жаттығуларының орындауға; өзін, айналаны құрметтеуге, тәртіптілікке, батылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бір орыннан ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру- «Кім әрі қарай секіреді?». Заттардың арасында допты домалату дағдысын дамыту. Өзіне деген сенімділікті тәрбиелеу.</p> <p>Гимнастикалық орындықта бүйірлік адым жасауды және тұрақты тепе-теңдікті сақтауды үйрету, денені түзу ұстау, басын төмен түсірмеу; гимнастикалық қабырғаға көтерілу және төмен түсу қабілетін бекіту, ептілікті, жылдамдықты, зейінді дамыту; бір-біріне деген сыйластықты дамыту.</p> <p>Тапсырмаларды орындай отырып, жүру және жүгіру жаттығулары; 15-20 см биіктіктен секіруде бүгілген аяқпен қонуда; доппен жаттығуларда ептілікті дамыту, тік нысанаға лақтыру (нысананың биіктігі 1,2 м). Бір-біріне деген мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>«Көкқұтан», «тышқан» сияқты бір-бірінің соңынан еру дағдыларын жетілдіру. Жүру мен жүгіруді, нақты жаттығуларды үйрету; зейінін дамыту, жүрумен кезектесіп жүгіру қабілетін қалыптастыру. Ұжымшылыққа, балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынасына, оң нәтижеге жетудегі табандылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Белгі бойынша тоқтап, жүруге жаттығу; заттар арасында жүру, көтерілген тірекпен жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті сақтау жаттығуы. Бір-біріне деген қамқорлық, жағымды көзқарасқа тәрбиелеу.</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p>
---	-------	---	---

		<p>Жай жүру және жүгіруде қайталау, тапсырмаларды орындай отырып, шеңбер бойымен, «жыланша», шеңберден шеңберге секіру, жартылай бүгілген аяққа қонуға дағдыландыру. Жаттығулардағы жылдамдықты дамыту, қимылдарды дұрыс орындау қабілетін бекіту. Дене шынықтыруға қызығушылықтарын, ізгі ниеттерін арттыру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлауды дамыта отырып, барлық бағытта жүруді және жүгіруді қалыптастыру. Екі аяқпен алға қарай секіру дағдыларын дамыту. Қимылды ойындарға қызығушылықты арттыру, қарапайым ережелерді сақтауға үйрету</p>	1 Барлығы : 12 сағат
9	Мамыр	<p>Гимнастикалық қабырғаға 1,5 метр биіктікке көтерілу қабілетін шыңдау. Қолымен ілулі затты қозғау арқылы секіруге жаттықтыру.</p> <p>Гимнастикалық орындықта бүйірлік қадаммен жүру, қолды белде ұстау, тепе-теңдікті сақтау. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Қолға арналған тапсырмаларды орындай отырып, «көк құтандай», «тышқан сияқты» бір-бірінің соңынан еру дағдыларын жетілдіру. Жүру және жүгіру қабілеттерін дамыту, секіру жаттығуларын жасау. Шеңбер бойына құрастыру дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Балаларды жүру мен жүгіруді, допты жоғары лақтыруды және қағып алуды үйретуді жалғастыру. Қол қимылдары арқылы дағдыны, өз орнын таба білуді дамыту.</p> <p>Балаларды қашықтықты сақтай отырып, жүруге және жүгіруге үйрету; екі аяқпен дұрыс серпіліп, ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру; лақтыруды жаттықтыру.</p> <p>Тапсырманы орындау арқылы жүру, секіру, тіректің шектеулі аймағында жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті сақтауға жаттығу. Мейірімділікке, бір-біріне көмек беруге тәрбиелеу.</p> <p>Кеңістікті бағдарлауды дамыту. Жетекшінің белгісі бойынша тапсырманы орындау, барлық бағытта жылдам жүгіре білу. Тәртіпке және спортпен айналысуға құштарлығын тәрбиелеу.</p> <p>Тапсырмалар арқылы жүру және жүгіру дағдыларын дамыту. Доппен жаттығуда ептілік пен көзді жетілдіру; алақандар мен аяқтармен жорғалау жаттығулары.</p> <p>Заттар арасында жүру және жүгіру кезінде қозғалыстарды үйлестіруді дамыту, жорғалау жаттығуын қайталау; көтерілген тірекпен жүру кезінде тұрақты тепе-теңдікті сақтау.</p> <p>Допты заттардың арасында домалату кезінде ептіліктерін дамыту. Отырғанда 1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалатып, аяқты алшақ етіп жан-жақты жүру және жүгіру жаттығулары.</p>	1 1 1 1 1 1 1 1

	Ойын алаңының бір жағынан екінші жағына жеңіл және ырғақты жүгіру қабілетін жетілдіру, жүгіру басқа балалардың қимылды үйлестіру; тепе-теңдікті сақтау қабілетін бекіту	1
	Жетекшінің белгісі бойынша балаларды жүгіруге жаттықтыруды жалғастыру; Тапсырмаларды, тепе-теңдікте орындау қабілеттерін арттыру. Еркін жүру, жүгіру қабілеттерін дамыту. Қатарда өз орнын таба білуге, кеңістікте бағдарлауға, зейінділікке жаттықтыру.	1
		Барлығы : 12 сағат

Барлығы:108 сағат